

УДК 342

Т. С. Нұрышева,
«Қазақ гуманитарлық заң университеті» АҚ
мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының
доценті, заң ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ПРИНЦИПІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі конституциялық принципі ретінде қазақстандық патриотизм, сондай-ақ осы принциптің мемлекеттік басқару аясында қолданылу мәселелері қарастырылады және оның конституциялық принциптің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін ұсыныстар беріледі.

Тірек сөздер: қазақстандық патриотизм, конституциялық принцип, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызметшілер, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, мемлекеттік тіл мәртебесі.

Аннотация

В статье рассматривается казахстанский патриотизм как основной конституционный принцип деятельности Республики Казахстан, а также проблемы применения казахстанского патриотизма в государственном управлении. Даются некоторые предложения для обеспечения соответствующего уровня реализации данного конституционного принципа.

Ключевые слова: казахстанский патриотизм, конституционный принцип, государственное управление, государственные служащие, Конституционный Совет Республики Казахстан, статус государственного языка.

Abstract

The article discusses the Kazakhstan patriotism as the basic constitutional principle of the Republic of Kazakhstan, as well as the problems of application of the Kazakhstan patriotism in public administration and give some suggestions to ensure the appropriate level of constitutional principle.

Keywords: patriotism in Kazakhstan, constitutional principle, public administration, civil servants, Constitutional Council of the Republic of Kazakhstan, official language status.

Қазіргі таңда қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесі ең өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Осы мәселенің негіздері мен дамуын зерделеп, оның маңызын кеңінен насихаттау уақыт талабына айналып отырғандығы белгілі. Ең басты алғышарты ретінде бұл принциптің Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілгенін есте ұстау қажет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 2-тармағында «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу» деп бекітілген [1]. Аталған принциптердің барлығы да мемлекетіміз үшін өте маңызды, дегенмен қазақстандық патриотизм принципін қолдану мәселесінің өзектілігі артуда.

Сонымен қатар 2015 жылдың 23 қарашасында қабылданған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңында бекітілген мемлекеттік қызмет қағидаларының [2] ішінде де қазақстандық патриотизм қағидасы маңызды болып табылады. Себебі елімізде мемлекеттік басқаруға тек қазақстан азаматтарының конституциялық құқығының, яғни саяси құқығының болуы, барлық азаматтарға, әсіресе мемлекеттік қызметшілердің тарапынан оны ұстану, қолдану міндеттілігі және ең басты борышы болуына негіз ретінде қарастырылуы тиіс деп ойлаймыз.

Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауындағы маңызды бағыттардың бірі – жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Яғни, Жолдаудың жетінші тармағында «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі. Біздің бұл бағыттағы басты мақсатымыз қарапайым және түсінікті: біз қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға тиіспіз. Бұл – біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнаымас шарты.

Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі», – деп көрсетілген [3].

Ғ. Сапарғалиевтің пайымдауынша «Патриотизм – Отанға сүйіспеншілік, адалдық сезімі. Бұл асқақ сезімдер өмірдің барлық саласында: саяси, экономикалық, мәдени салаларда табыстарға жетуге – елдің күш-қуатын, оның қорғаныс қабілетін арттыруға, халықаралық аренада беделді нығайтуға жәрдемдеседі. Қазақстан патриотизмі ұлттық тарихқа, ұлттық әдет-ғұрыптарға, дәстүрлерге немкетті қараудан тұратын ұлттық нигилизмді қабылдамайды, жалған патриотизмді, өз ұлты туралы бұрмаланған түсініктерді, оны басқа ұлттарға қарсы қоюды жаратпайды». Бұл пікірмен толық келісе отырып, түсінікті қарастырып өту қажеттігі туындайды.

«Патриотизм» сөзі (грек тілінде – patriots – отандас, paths – отан, атамекен) өзінің еліне, халқына адалдық, берілгендік және сүйіспеншілікті білдіреді [4, 673-б.].

Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан алдындағы жалпы жауапкершілігі.

Қазақстандық патриотизм – Қазақстан Республикасын біртұтас Отаны ретінде қабылдап, өзін республика халқының құрамдас бөлігі сезінетін азаматтық парыз бен намысын тәрбиелеу. Қазақстандық патриотизмнің мазмұны табиғатынан ашық жарқын, ұлттық менталитетке сәйкес келетін, мемлекетте қалыптасып отырған саяси жағдайға байланысты ұлтаралық келісім мен төзімділікке негізделеді. Өйткені Қазақстанда қоғамның ішкі тұрақтылығы мен тұтастығы мемлекет саясатының аса маңызды бөлігі болып табылады.

Патриоттық сана-сезімнің әлсіреуі, адамдардың өз елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімінің өзгеруі – бұл қоғамның өнегесізденуінің, халықтың тұрақсыздануы мен ыдыраушылығының ажырамас сипаты. Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастарды демократияландыру және ізгілендіру, адамды, оның өмірін, игілігін, адамдық ар-намысын, өмір сапасын жоғары құндылық деп тану, мемлекетте ілгерілеуші әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізу негізінде қалыптастырылады.

Патриоттық тәрбие болашақ Отан азаматы тұлғасын қалыптастыруды мақсат тұтады. Бір қарағанда, айқын болып көрінетін бұл мақсаттың мәнін көптеген тұлғалар жете зерделей бермейді, бұл осы мақсатқа жетудің шектеулі, көбіне-көп үстірт әдіс-тәсілдеріне алып келеді. Осыдан келіп, жастарға патриоттық тәрбие беру саласында салмақты әдістемелік зерттеулер қажеттігі туралы тұжырым жасауға болады. Қазіргі кезде мемлекеттің жаңа саяси және әлеуметтік құрылымдармен өзара әрекеттестігінің жаңа сапалы деңгейі жағдайындағы патриоттық тәрбиенің әлеуметтік мәні ашылмаған, патриоттық сана-сезімнің қоғамдық сана-сезім құрылымындағы орны мен білім беру жүйесінің Қазақстан тұрмыс-тіршілігінің қазіргі кезеңіндегі тұлғаның патриоттық қасиеттерін қалыптастырудағы рөлі зерттелмеген.

Патриотизм – азаматтардың ұлттық санасының жалпы және ажырамас бөлігі ретінде қоғамды рухани-адамгершілік жаңғырту үшін қызмет ете алады және қызмет етуі тиіс. Бұл мәселенің шешімін табу үшін тұлғаның патриоттық қасиеттерін қалыптастырудың шарттарын құру керек. Олардың негізгі өлшемдері:

- өз Отаны, тарихы, мәдениеті, халқының салт-дәстүрлері, Қазақстан жерінде тұратын халықтардың мәдениеті туралы жүйелі білімдерінің қалыптасқандығы;
- облыс, қала, аудан сияқты өзінің кішкене отанының дамуына өз үлесін қосқандығы;
- азаматтың, қоғам мүшесі міндеттерін атқару барысында өз жауапкершілігін көрсете білгені. Қоғам тұтастығы, ынтымақтастықтың таяу болашағы, елдің интеллектуалдық және еңбек әлеуетінің дамуы мен ұдайы өндірілуі және мемлекеттің нығаюы мен талпынысы тек осында ғана болғандықтан жас азаматтар мен өскелең ұрпақтың құрылуы үшін патриоттық тәрбиенің маңызы өте зор.

Бауыржан Момышұлы айтқан «Ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз не? Ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз белгілі бір ұлт адамының жеке мақтаныш сезімі, белгілі бір немесе басқа бір ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады, ұлттық мақтаныш сезімі әрбір ұлт адамдары үшін бұзылмас заң. Кімде кім өз ұлтын сыйламаса және оны мақтан тұтпаса, ол сөзсіз барып тұрған арамза, отансыз қаңғыбас. Өзін сыйлай алған адам өзгені де сыйлай алады, белгілі бір ұлттың толық азаматы болып әрі өз ұлтыңды мақтан ете отырып,

сен басқа халыққа да лайықты қарай аласың. Екі түрлі ұғым бар: ұлттық рух – бұл асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы өркеуделік. Кейбіреулер ұлттық рухты немесе ұлттық патриотизмді ұлтшылдықпен оп-оңай-ақ шатастырып алады. Бұл жерде міндетті түрде ұғыну қажет. Ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие, өз ұлтыңды тануға көмектеседі, ал бізге осы асыл қасиеттерді дамыта түсу қажет, осындай адам ғана отандастарының алдындағы өз халқының және ең алдымен халықтардың бауырластығы алдындағы өз борышын терең де жоғары сезінеді».

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдері азаматтық борыш ұстанымымен, жеке бастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс.

Осыған орай, Ж. Кенжалиннің пікіріне тоқталсақ «Қазақстандық патриотизм жалаң ұран, сөзуарлықтың жиынтығынан ада болуы тиіс. Себебі, әлеуметтік әділетсіздік, принципсіздік орын алған жерде халықтың патриоттық сезімін оятатын факторлар жойылады. Ал ондай сезімі, отаншылдық рухы сөнген елдің болашағы да бұлыңғыр болатынын тарих дәлелдеп отыр. Сондықтан, біздің ойымызша, қазақстандық патриотизмнің дәстүршілдік және жаңашылдық сипатына айрықша назар аударып отырған абзал» [5, 46-б.].

Профессор Р.Б. Әбсаттаров атап көрсеткеніндей, «Қазақстандық патриотизм тәрбиесі – бұл адамға оның бойында белгілі бір патриоттық көзқарастарды, пікір-пайымдарды, нормалар мен принциптерді қалыптастыру, сондай-ақ, оны сол көзқарастар мен принциптерге сәйкес іс-әрекетке бағыттау мақсатымен әсер ету жүйесі. Патриоттық ұстанымдардың беріктігі айқын мақсатқа жетелейді, қазақстандық азаматқа ұлттық өмірге тар өріс аясынан тыс ұстаным тұрғысынан қарауға және қарапайым адамды екіұдай күйге түсіретін қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Сондықтан, бүгінгі таңда біздің бүкіл патриоттық тәрбие жұмысымыздың міндеті – қазақстандық патриотизмді әрбір азаматтың өмірлік серігіне айналдыру» [6, 71-б.].

Патриоттық тәрбие арқылы тұлғаның ең жақсы рухани қасиеттері қалыптасуы, адамдардың барлық ұрпақтарының бірлігі мен сабақтастығы қамтамасыз етілуі тиіс. Адам патриот болып тұрмайды, ол тәрбие мен қоғамдық өмірге қатысуы барысында патриот болады.

Егер қазақы патриотизмнің қайнар көзін зерделесек, біздің ұлтқа ол ешқашан жат болмағанына, қайта бесіктегі сәттен бастап ұлттық тәрбиемен бірге бойға дарығанына көз жеткізуге болады. Бағзы ата-бабаларымыз, қазақ хандары, сұлтандары билері мен қазақтың зиялы қауым өкілдері Отанды қорғауда жан-тәнін аямай, патриотизмнің ең озық үлгісін көрсеткен. Солардың ішінде хандық тұсындағы Абылай ханның, зиялы қауым өкілдерінен Тұрар Рысқұлов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқайұлының еңбектері өте зор. Себебі, ол табиғаттан, ұлттық тәрбиеден берілген сезім болатын. Қазыбек би: «Атадан жақсы ұл туса, елінің туы болады. Атадан жаман ұл туса, көшінің соңы болады», – деген. Осындай мағыналы сөздер ғасырлар бойы халқымызды жігерлендіріп, қанына сіңген қасиетке айналған. Аталып өткен ірі тұлғаларды үлгі тұту арқылы қазақстандық патриотизм ұғымын толыққанды бағалай білу қажет.

Егер еліміздің болашақ жастарын Отансүйгіштікке тәрбиелейміз десек, ең алдымен, қазақ мәдениеті мен өнеріне, мемлекеттік тілге мән бергеніміз жөн.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі екендігі Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында анық көрсетілген. Сондай-ақ, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» деп көрсетілген [1].

Бұл біздің мемлекетіміздің қандай жағдайда да толеранттылықты қолдайтынын білдіретін болса, конфуциандық ілімнің негізін қалаушы Қытай философы Конфуций өзінің бір афоризмінде «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» деген екен.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып заңмен бекітілгеннен кейін ол қазақстандық патриотизмді дамытудың негізгі құралы ретінде барлық салада, атап айтқанда, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот процесін жүргізу және басқа да қоғамдық қарым-қатынастарда іс жүргізу тілі болып табылады.

Сондықтан да осы мәселені көтеріп жүрген азаматтардың БАҚ беттерінде, түрлі қоғамдық, мемлекеттік іс-шараларда мемлекеттік тіл туралы ұсынымдары дұрыс екендігіне көз жеткізесің. Жалпы осы сауалға негізгі жауапты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы №3 қосымша қаулысынан табуға болады.

Осы қаулыдан үзінді келтіре кетсек:

Өтініш субъектілері мынадай сұрақтарға жауап беруді сұраған:

– «мемлекеттік ұйымдарда емес», мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шараларда, қабылдауларда, ассамблеяларда, съездерде, конференцияларда, дөңгелек үстел отырыстарында мемлекеттік тілдің ресми түрде қолданылатын тілден басымдығы болады ма?;

– Республика Конституциясының 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған «тең» ұғымы (термині) осындай іс-шараларға қатысты ма?» және де «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген Конституциялық норманы (Конституцияның 7-бабының 2-тармағы) орыс тілі екінші мемлекеттік тіл болып табылады деп түсінген жөн бе?

Өтініште қойылған сұрақтардың мән-жайына қарай Конституциялық Кеңес қосымша мыналарға түсіндірме беріп кетуді қажет деп санады.

1. Конституцияның «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген 7-бабының 2-тармағы мынадай деп түсіндіріледі: «аталған Конституциялық норма біржақты түсіндіріледі, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдері тең дәрежеде, ешбір жағдайдан тыс бірдей қолданылады».

Бұл мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз өкілеттіктерін іске асыруына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнама әркімнің де тілдердің қызмет ету саласында конституциялық құқықтары жүзеге асырылуының механизмдерін көздеуге, соның ішінде, жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өтініш беру және олардан Конституцияның 7-бабының 2-тармағын сақтай отырып – іс қай тілде жүргізілуіне қатыссыз қазақ немесе орыс тілдерінде тең дәрежеде ақпарат алу мүмкіншілігін қамтамасыз етуге тиіс дегенді білдіреді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде конституциялық жолмен баянды етілуінен келіп шығатыны, қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып табылады, оның егемендігін рәміздейді және Қазақстан халқының бірлігін білдіретін Республиканың Конституциялық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылады [7].

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Қаулысына сәйкес, мемлекеттік тілдің қазақстандық патриотизмді дамытудағы рөлі мен критерийлері мына жағдайлардан туындайды деуге толық негіз бар. Олар:

- мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі;
- оның жария-құқық саласында қызмет етуінің айрықшылығы не басымдылығы Конституцияда баянды етілген нормаларда белгіленген;
- Республика Президенті мен Парламенті Палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін меңгеруі;
- мемлекеттік рәміздерде тек қана қазақ тілінің пайдаланылуы;
- мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларындағы атауларының мемлекеттік тілде берілуі;
- мемлекеттің егемендігін айқындайтын мемлекеттік белгілердің (шекара бағандарында, кеден атрибуттарында және т.б.) қазақ тілінде жазылуы;

- мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері мен өзге де ресми құжаттарының мәтіндерінің алдымен қазақ тілінде жазылуы міндетті болуы;
- қағазда және өзге де тасымалдауыштарда орналастырғанда, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде мемлекеттік тілде бастауы;
- мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері мен басылымдарының мемлекеттік тілде болуы;
- ұлттық валютада және өзге де мемлекеттік бағалы қағаздардың мемлекеттік тілде болуы;
- республика азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарда, мемлекет атынан берілетін өзге де құжаттарда, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметімен байланысты өзге де салаларда қазақ тіліне басымдылық берілуі [7].

Осының бәрі де әрбір мемлекеттік қызметші үшін және мемлекеттік басқаруда қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға толығымен ықпал етеді. Алайда, осы жерде мынадай сұрақ туындайды: Үкімет басшысы, яғни Премьер-Министр қай тілде сөйлесе де өз еркінде ме? Қаулыға осы жайтты анықтап енгізу керек сияқты.

Жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда мемлекеттік қызметшілер жетекші рөл атқаруы тиіс. Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Мемлекеттің басты міндеті де осы. Азаматтар мемлекеттің болашағы, даму үшін, жеке және кәсіби тұрғыдан өсу үшін мүмкіндіктер болса ғана сенім артады. Мемлекет және халық мұны сезініп, бірлесіп жұмыс істеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер ең алдымен өз бойында және көпшіліктің бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуі керек. Бұл ең алдымен оларға үлкен жүк артады және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге практикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Егер мемлекет және мемлекеттік қызметшілер әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса және оларға мейлінше ыңғайлы орта қалыптастыруға тырысса халық әрқашан олардың сенімін ақтайтын болады.

Жалпы алғанда, жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолында бірінші кезекте бүкіл әлемде ұтымды қолданылып жүрген, халықтың жұмылуына бірден-бір фактор ретінде мемлекеттік тілді жалпы халықтық қолданыстағы тілге айналдыру қажет.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде заңды бекітіліп, қоғамның барлық үдерісінде қолданылып жатыр дегенімізбен, әлі күнге мемлекеттік тілдің ресми тілге (орыс тілі) қарағанда қолданылу аясы тар екендігі ақиқат. Бұл мәселе айтылып, түрлі деңгейде көтерілгенімен қажеттілік болмағандықтан, әлі күнге түрлі іс-шараларда мемлекеттік тілде басталып, әрі қарай ресми тілде жүргізіліп келе жатқандығы белгілі. Мемлекет басшысы елімізде үштілділік болуы керек деп халыққа жолдауында айтып өтті. Алайда, мемлекеттік басқаруда атқарушы билік басындағылар мемлекеттік тілде еркін сөйлей алмаса, үштілділік тапсырмасындағы соңғы екі тілдің дамуымен ғана шектелуі мүмкін.

Сондықтан да елімізде, әсіресе мемлекеттік басқару аясында қызмет жасауға ниет білдірушілерге, мемлекеттік тіл білу деңгейін анықтайтын Қазтест жүйесінің деңгейін халықаралық тіл (IELTS, TOEFL және т.б.) стандарттарына дейін көтеру, әрі оның нәтижесі міндетті түрде есепке алынуы қажет. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларына, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңдарында мемлекеттік тілді білу талаптары қатаңдатылып, Үкімет басшысы, барлық министрлер және басқа саяси қызметшілер, жалпы барлық лауазым иелеріне қойылатын талаптардың маңыздысы болып табылуы тиіс деп ойлаймыз. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке үміткерлерге мемлекеттік

тілден ауызша, жазбаша емтихан алынса, басшылық қызметке үміткерлерден мемлекеттік тілді жетік білуі талап етілсе, сонда ғана мемлекеттік тілге деген қажеттілік туындап, мемлекеттік тіл мемлекеттік басқарудағы патриотизмнің дамуына әсері болады.

Жалпы қорыта айтқанда, үлкен тәрбиелік мәнге ие болатын, ана сүтімен беріліп, одан әрі балабақшадан бастап бала бойында мемлекетіміздің кешегі, тарихы мен бүгінгі кезеңдерін қалыптастырып, мектеп бағдарламаларында, жоғары оқу орындарында «Қазақстандық патриотизм» немесе «Мәңгілік ел» атты арнайы пәндер енгізу арқылы қазақтың ел билеген көсемдері мен хандарының, қоғам қайраткерлерінің ел үшін еткен еңбектері мен қызметтері туралы мәліметтерді насихаттай отырып, жастарды тәрбиелеуге болады деп ойлаймыз. Сонда ғана Конституциямызда бекітілген қазақстандық патриотизм принципінің толыққанды қалыптасуына әрі қолданылуына негіз болатыны сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана: Елорда, 2016.
- 2 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» 2015 жылдың 23 қарашасындағы Заңы <http://adilet.zan.kz/>.
- 3 Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы. – Астана, 14.12.2012 ж.
- 4 Ушаков Д. Н. Большой толковый словарь словесного русского языка // Издательство «РООСА», 2008.
- 5 Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005. – 195 б.
- 6 Абсаттаров Р. Б. Воспитание казахстанского народа: вопросы теории и практики // Актуальные вопросы общественной жизни. Сборник статей. – Алматы, 1994.
- 7 Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы № 10/2 Қаулысына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қосымша қаулысы. – <http://adilet.zan.kz/kaz/index/docs/dt=2007-02-> (2014 жылғы 19 желтоқсан).

Дата поступления статьи в редакцию 13.06.2016